- **орналастырылған акциялар** - бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар толығымен құнын төлеген Банк акциялары;
- **уәкілетті орган** - бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
- **Бас Банк** – Банктің бас офисі.

3. Осы Ереженің әрекеті Банк орналастырған акциялар сатып алынатын мына жағдайларға таралады:

- Банк бастамасымен;
- акционердің талабы бойынша.
- Акционердің арызы бойынша.

4. Банк орналастырылған акцияларды сатып алуды оларды одан әрі сату, акционерлер құқығын сақтау (Банк акционерге тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алуға міндетті болатын жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсатта жүзеге асырады.

5. Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының резиденті емес - акционерлерден сатып алуды Банк Қазақстан Республикасының резидент-акционерлері үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді.

6. Банктің осы Ережеде көзделмеген негіздемелер бойынша шығарылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

2.БАНКТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

7. Банк мүддесін ескеріп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне Банктің орналастырған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау жөнінде өтініш-қолдаухат беруге құқылы. Бұл ретте Банк Басқармасының өтініш-қолдаухатында мынадай ұсыныстар берілуге тиіс:

- орналастырылған акцияларды сатып алудың орындылығына және сатып алу мақсатына негіздеме беру;
- сатып алуға ұсынылатын Банктің орналастырған акцияларының саны және түрі;
- орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесін;
- акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын мерзім;
- сатып алу талаптары.

8. Басқарманың өтінішімен келіскен жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі Банк орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамдарға олардың орналастырған акцияларын сатып алуға тыйым салатын негіздемелер бар болса, өзі орналастырған акцияларды сатып алуға Банктің құқығы жоқ.

10. Банк сатып алатын акциялар саны оның орналастырған жалпы акциялары санының 25 (жиырма бес пайызынан), ал Банктің акция сатып алуға жұмсайтын қаржысы оның меншікті капиталының 10 (он пайызынан) аспауы керек:

1) орналастырылған акциялар акционердің талабымен сатып алынатын жағдайда – мынадай күнгі жағдайға сәйкес:

- Банк акционерлерінің жалпы жиналысы осы Ереженің 27-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді қабылдайтын;
- сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

- ірі мәміле және (немесе) Банк мүдделілік танытқан мәмілеиі бекіту туралы шешім қабылдаған;

2) орналастырылған акциялар Банк бастамасымен сатып алынатын жағдайда - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдайға сәйкес;

11. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген пруденциалдық нормативтер мен қаржылық тұрақтылықтың басқа да көрсеткіштері немесе критерийлері (нормативтері) мәміле нәтижесінде бұзылмайтын жағдайда Банк акциялардың 10 (он) және одан көп пайызы тиесілі акционерлерден акцияларды сатып алу жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы.

12. Банк сатып алған акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындауда ескерілмейді және Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

3. БАНК БАСТАМАСЫМЕН ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

Банк бастамасымен орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібі

13. Банк өз бастамасы бойынша акционерлердің келісімімен одан әрі сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға қайшы келмейтін өзге мақсатта орналастырылған акцияларды сатып алуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банк Жарғысында өзгесі қарастырылмаса, Банк орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуды Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асыра алады.

14. Банк өзі орналастырған акцияларды мына жағдайларда сатып алуға құқылы емес:

- акционерлердің бірінші жалпы жиналысы өткенгене дейін;
- құрылтайшылардың арасында акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы бірінші есебі бекітілгенге дейін;
- егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінен азайып қалатын болса;
- егер акциялар сатып алынатын сәтте Қазақстан Республикасының оңтайландыру және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Банкте төлем қабілетсіздігі немесе банкроттық туралы заңнамаға сәйкес дәрменсіздік белгісі байқалса, не болмаса мұндай белгілер Банкте сатып алу талап етілетін немесе болжанған акциялардың барлығын сатып алу салдарынан пайда болса;
- егер сот шешімі неғізінде немесе Банк акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банк таратылатын болса;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің Жарғысында қарастырылған өзге жағдайларда.

15. Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары атап көрсетіледі.

16. Егер Банктің өз бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны акциялардың жалпы санының 1% (бір пайызынан) асатын болса, акцияларды сату-сатып алу мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін Банк мұндай сатып алу туралы хабарландыруды өз акционерлеріне хабарлауға және Банк Жарғысына сәйкес Банктің корпоративтік WEB – сайтында www.eximbank.kz (бұдан әрі - Банктің WEB – сайты) жариялауға міндетті.

17. Банктің өз орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруында сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары секілді мәліметтер атап көрсетіледі. Ақпарат Банк Жарғысына сәйкес Банктің WEB – сайтында www.eximbank.kz жарияланады.

18. Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларды сатып алу акцияларды сатып алу/сату мәмілесін жасасып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алу-сату мәмілесін тиісті тіркеу органында тіркеу жолымен жүзеге асырылады. Банк акцияларын сатып алу/сату мәмілесіне Банк акционерінің немесе оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінің негізінде қол қойылады. Банктің акцияларды сатып алуы туралы өтінішін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нысанында акционері немесе оның уәкілетті өкілі береді. Банктің бастамасымен акциялар сатып алынғанда Банктің акцияларды сатып алғаны туралы өтініші Банктің WEB-сайтында орналастырылады немесе Банк қызметкерлері акционерге немесе оның уәкілетті өкіліне жеке басымен Банк ұсынған талаптармен Банк акцияларын сатып алу мәселесімен Банкке келгенде беріледі. Банктің бастамасымен акцияларды сатып алу өтініш акционердің өзінің немесе тиісті құжаттардың негізінде оның уәкілетті өкілінің қолымен толтырылып, қолы қойылып, одан кейін Бас Банкке тікелей жіберілуге тиіс.

Банк акционері акцияларды сатып алу өтінімге жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені/қайта тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесін, ал егер де заңды тұлға мемлекеттік тіркелуден немесе қайта тіркелуден 31.12.2012ж. кейін өткен болса, онда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтманыберуге тиіс. Егер акционер үшін өтінішті оның уәкілетті өкілі беретін болса – осы өкілдің құзыретін растаушы құжаттың көшірмесін, акционердің өзінің жеке басын куәландыратын/мемлекеттік тіркелгенін/қайта тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін береді. Банк акцияларын сатып алу-сату шартын бекіту үшін Банк қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы (мұндай құжаттарды талап ету Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін болса).

19. Акционерлердің сатып алу үшін мәлімдеген орналастырылған акцияларының жалпы саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, бұл акциялар акционерлерден акционерге тиесілі акциялар санына үйлесімділік түрде сатып алынады. Үйлесімділік коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:

К = А / С, мұндағы:

К – үйлесімділік коэффициенті;

А – Банкпен сатып алуға жарияланған жалпы акциялар саны;

С – акционермен орналастырылған акциялардың сатып алу үшін мәлімделген жалпы ак-циялар
саны.

Банктің акционерден сатып алатын акциялардың түпкілікті саны акционермен сатып алуға жарияланған акциялардың санын үйлесімділік коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

Банктің бастамасымен ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде акциялардың құнын белгілеу әдістемесі.

20. Ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегі әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- орташа есептелген нарықтық бағасы бойынша;
- нарықтық бағасы бойынша;
- Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен;
- тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен.

21. Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында бекітілген мәмілелер бойынша есептелетін акцияның орташа нарықтық бағасымен осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

22. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасының есебі бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының ресми

мәліметтерінің негізінде жүргізіледі. Акцияның орташа өлшем бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі;

23. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

C = V / A, мұндағы

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы;

V – аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық нарықтағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

A – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

24. Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасымен жүргізілуі мүмкін (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа әлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады (www.kase.kz).

25. Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, Банктің даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру болашағын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

26. Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алуы тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін. Акциялардың тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағасының есебі Банк акцияларының бағасы туралы есеп түрінде рәсімделеді. Акциялардың сатып алу бағасы аталған есептің негізінде Директорлар кеңесімен анықталады.

4. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

Банктің орналастырылған акцияларын акционердің талабы бойынша сатып алу тәртібі.

27. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банк акционерінің талабы бойынша Банкпен жүргізілуге тиіс, ол мына жағдайларда мүмкін:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);

2) акционерлердің жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса немесе бұл жиналысқа қатысқан және мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банк Жарғысында белгіленген тәртіпке сәйкес қабылданған Банк жасайтын ірі мәміле туралы шешіммен және/немесе жасалуына Банк мүдделілік танытып отырған мәміле туралы шешіммен келіспегенде;
5) акционерлердің жалпы жиналысы Банк Жарғысына акционерге тиесілі акциялар бойынша оның құқығын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған жалпы жиналысқа қатыспаған немесе бұл жиналысқа қатысқан, бірақ мұндай шешімге қарсы дауыс берген болса).

28. Осы Ереженің 27-тармағында айтылған шешім қабылданғаннан кейін немесе сауда-саттық ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағаннан кейін 30 (отыз) күннің ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы талаппен Банкке жазбаша өтініш беруге құқылы.

29.Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде берілуге тиіс, онда акцияларды сатып алу туралы айқын әрі бір мәнді нақты талап қойылады, акционердің сатып алуға ұсынатын акцияларының саны мен түрі, акционердің мекен-жайы, байланыс телефоны, акционердің акцияларды сатып алу туралы талап қоюына түрткі болған шешім, сондай-ақ қажет болған жағдайларда басқа да мәліметтер көрсетіледі.

30. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы тініші Бас банкке жіберілуге тиіс.

31. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу жөнінде өтініш бергенде, Банк акцияларды өтініш келіп түскеннен кейін 30 (отыз) күннің ішінде сатып алуға міндетті. Акционердің өтініші алынған күн ретінде оның өтініші Бас банктің кеңсесінде кіріс хат ретінде тіркелген күн алынады.

32. Банк осы Ереженің 27-тармағында көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуына тыйым салатын басқа жағдайларда Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде акционерге хабарлама жіберіп және бас тартылу себебін көрсете отырып, акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.

33.Банк акцияларды акционердің талап етуімен сатып алуды акцияларды сатып алу-сату мәмілесін бекіту және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

34. Банк акционерлерінің сатып алу үшін мәлімдеген орналастырылған акцияларының жалпы саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына үйлесімділік түрде сатып алынады.

35. Үйлесімділік коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:
К = А / С, мұндағы:
К – үйлесімділік коэффициенті;
А – Банк сатып алуы мүмкін жалпы акциялар саны;
С – орналастырылған акциялардың сатып алу үшін мәлімделген жалпы акциялар саны.
Банктің акционерден сатып алатын акцияларының түпкілікті саны акционерге тиесілі акциялардың санын үйлесімділік коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

Акционердің талабы бойынша ұйымдастырылмаған нарықта Банктің акцияларды сатып алу кезінде оның құнын белгілеу әдістемесі.

36. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегі әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- орташа есептелген нарықтық бағасы бойынша;
- нарықтық бағасы бойынша;
- Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен;
- тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен.

37.Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында бекітілген мәмілелер бойынша есептелетін акцияның орташа нарықтық бағасымен осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

38. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасының есебі бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының ресми мәліметтерінің негізінде жүргізіледі. Акцияның орташа өлшем бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі;

39. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

C = V / A, мұндағы

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы;

V – аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық нарықтағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

A – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

40. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша Банктің сатып алу бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықтық құны бойынша Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасын ескере отырып айқындалады (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады (www.kase.kz).

41. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, Банктің даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру болашағын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

42. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуы тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін. Акциялардың тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағасының есебі Банк акцияларының бағасы туралы есеп түрінде рәсімделеді. Акциялардың сатып алу бағасы аталған есептің негізінде Директорлар кеңесімен анықталады.

5. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

Банктің орналастырылған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібі.

43. Өзіне тиесілі орналастырылған акцияларды сатқысы келетін акционер Банкке өз акцияларын сатып алу жөнінде өтініш жазуға құқылы.

44. Акционердің оған тиелісі акцияларын Банктің сатып алатыны туралы өтініші жазбаша нысанда жазылып, мұнда акцияларды сату туралы нақты және бір мағынадағы ұсынысы, акционердің сатуға ұсынатын акцияларының саны, сатылатын бағасы мен басқа да елеулі талаптары, акционердің мекенжайы, байланыс телефондары болуы тиіс.

45. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініші Бас Банкке жіберілуге тиіс.

46. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және/немесе Банк Жарғысында өзгесі қарастырылмаса, Банк орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуды Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырады.

47. Банк осы Ереженің 14-тармағында қарастырылған жағдайларда орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуға құқығы жоқ.

48. Банк акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуды Банк пен акционердің акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады.

Банктің акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасын белгілеу әдістемесі.

49. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегі әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- орташа есептелген нарықтық бағасы бойынша;
- нарықтық бағасы бойынша;
- Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен;
- тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен.

50. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында бекітілген мәмілелер бойынша есептелетін акцияның орташа нарықтық бағасымен осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

51. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасының есебі бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының ресми мәліметтерінің негізінде жүргізіледі. Акцияның орташа өлшем бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі;

52. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

C = V / A, мұндағы

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы;

V – аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық нарықтағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

A – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

53. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша Банктің сатып алу бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықтық құны бойынша Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасын ескере отырып

айқындалады (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады (www.kase.kz).

54. Орналастырылған акцияларды акционердің өтінішін бойынша сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, Банктің даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру болашағын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

55. Орналастырылған акцияларды акционердің өтінішін бойынша сатып алуы тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін. Акциялардың тәуелсіз бағалаушымен белгіленген бағасының есебі Банк акцияларының бағасы туралы есеп түрінде рәсімделеді. Акциялардың сатып алу бағасы аталған есептің негізінде Директорлар кеңесімен анықталады.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

56. Осы Ереже ол алдын ала Банктің Директорлар кеңесімен мақұлданғаннан соң, Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

57. Осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу алдын ала Банктің Директорлар кеңесімен мақұлданғаннан соң, Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.

58. Осы Ереженің қағидалары мен Қазақстан Республикасы заңнамасының арасындағы сәйкессіздікке әкеп соқтыратын Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Ереженің қағидалары тиісті бөлімінде өз күшін жоғалтады.

59. Акционерлердің жалпы жиналысымен бұрын бекітілген «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ орналастырылған акцияларды сатып алу ережесі және акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын белгілеу әдістемесі (2007ж. «07» мамырдағы №2 хаттама) осы Ереже бекітілген күннен бастап күшін жоғалтқан болып саналады.

Басқарма Төрағасы **Д.А. Прихожан**

Бас бухгалтер **Т.Л. Кривцова**

М.О.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

26.12.14 № 33-3-09/5006

26

АО "Эксимбанк"
050000, г. Алматы, ул. Богенбай Батыра, 80

На исх. №01-1800/7703 от 12.12.2014г.
О регистрации изменений и дополнений в проспект выпуска акций

Национальный Банк Республики Казахстан произвел регистрацию изменений и дополнений в проспект выпуска акций **АО «Эксимбанк»** и направляет по одному экземпляру указанных изменений с отметкой уполномоченного органа.

Дополнительно напоминаем о требованиях, установленных пунктом 4 статьи 102 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», согласно которым изменения в деятельности эмитента, затрагивающие интересы держателей ценных бумаг, в т.ч. изменения в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг, доводятся эмитентом до сведения держателей ценных бумаг путем размещения информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, определенного в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, и опубликования информации в средствах массовой информации *в течение пятнадцати календарных дней с момента их возникновения.*

Директор Департамента
надзора за субъектами рынка ценных бумаг **Хаджиева М.Ж.**

Исп.: Баулукбаева Ж.Ж., тел.: 2788 104 (1085)

Қазақстан Эксимбанкі
Эксимбанк Казахстан
«08» 01 2015 г.
Кіріс. Вх. № 80

№ 0060145